ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

29 маусым 2023 жыл № 7527-23-00-2/5761 іс Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрелік етуші судья Д.Ж.Аймагамбетова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады, онда:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы «№23 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Мусабекова» Мусабекова Нургуль Ерболовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы «№23 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны жауапкер жеке кәсіпкер «Мусабекова» Мусабекова Нургуль Ерболовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мусабекова» Мусабекова Нургуль Ерболовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мусабекова» Нургуль Ерболовна Мусабековадан талап қоюшы Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы «№23 қалалық емханасы» шаруашалық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 13 741 теңге айыппұлды және мемлекеттік баж төлеу бойынша 412 теңге сот шығыстары өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мусабекова» Нургуль Ерболовна Мусабековадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарылған сотқа өзі шешімнің көшірмесін алған кезден бастап бес жұмыс күн ішінде бұл шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар бұл шешімнің күшін жою арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал арыз берілген жағдайда - бірінші сатыдағы сот арызды канағаттандырудан бас тартқан кезден бастап бір ай ішінде Алматы қалалық сотына осы сот арқылы шағым немесе прокурор өтінішхат келтіре алады.

Судья: **Аймагамбетова Д.Ж.**

Көшірмесі дұрыс

Судья: **Аймагамбетова Д.Ж.**

Анықтама: Сот шешімі заңды күшіне 30.07.2023 жылы енді.

Судья: **Аймагамбетова Д.Ж.**

Құжатқа қол қойылған: Аймагамбетова Д. Ж., 29.06.2023